



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:  
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

29.06.2023 № 2-01-23-52489

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары Д.А. Қасқарауовқа,  
С.М. Пономаревке  
және М.М. Толықбаевқа

### Құрметті депутаттар!

Бас прокуратура өз құзыреті шегінде Алматы облысының Қарасай ауданында газбен жабдықтаудың проблемалық мәселелері туралы депутаттық сауалды қарап, төмендегіні хабарлайды.

Сауалда аудан тұрғындарының газ бағасын негізсіз көтерген жергілікті монополист «Сигма-Газ» ЖШС-ның (бұдан әрі – ЖШС) әрекеттеріне наразылығы туралы дәлелдер келтіріледі.

ЖШС штатында 32 қызметкер бар, 10 мыңға жуық абонентке (Қарасай ауданындағы 13 ауылдың тұрғындарына) тауарлық газ сататын орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылатыны анықталды.

#### ЖШС-ның тарифті бекітуіне қатысты

2023 жылдың басында Алматы облысы бойынша Табиғи монополияларды реттеу департаменті (бұдан әрі – Департамент) Қарасай ауданы прокуратурасының ұсынуы және тұтынушылардың ұжымдық шағымы негізінде ЖШС-ға тексеру жүргізді.

Тексеру іс-шараларының нәтижесінде табиғи монополиялар субъектісі қызметін табиғи газдың 1 м<sup>3</sup> үшін 34,75 теңгеге келісілмеген және бекітілмеген тарифі бойынша жүзеге асыратыны анықталды.

Осы факті бойынша ЖШС 2 млн теңгеден астам сомаға айыппұл сала отырып, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 164 (табиғи монополиялар туралы заңнаманы бұзу) және 166-баптары (қоғамдық маңызы бар нарық субъектісінің міндеттерді бұзуы) бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылды.

Департаменттің ұйғарымын одан әрі орындау үшін ЖШС монополияға қарсы органға 1 м<sup>3</sup> үшін 33,25 теңге мөлшерінде тауарлық газды бөлшек саудада өткізу тарифін бекіту үшін өтінім берді (халық үшін, ҚҚС ескерілген).

**Анықтама ретінде:** Департаменттің тарифті бекітуге өтінімді жіберу қажеттігі туралы нұсқамасы ЖШС-ға 21.02.2023 жылға дейін орындау мерзімімен 02.02.2023 жылы тапсырылды (талап етілетін құжаттарды ұсыну мерзімі бұзылған жоқ).

Департамент ЖШС-ның құжаттарын зерттеп және қоғамдық тыңдау қорытындыларын назарға ала отырып (02.03.2023 жылы Шамалған ауылының Мәдениет сарайында халықтың және мүдделі адамдардың қатысуымен өтті), халыққа 1 м<sup>3</sup> үшін 28,95

теңге және ұйымдарға 1м<sup>3</sup> үшін 32,1 теңге мөлшерінде тарифті бекіту туралы 10.03.2023 жылғы №78-НҚ бұйрығын шығарды.

Реттелетін қызметтердің құнын анықтау кезінде тарифті саралау, яғни тұтыну жағдайлары мен тұтынушылар тобына байланысты тарифтің әртүрлі деңгейлерін қолдану пайдаланылғанын атап өткен жөн.

**Анықтама ретінде:** тариф тұрмыстық тұтынушылар (халық) үшін 34,7 теңгеден 28,95 теңгеге дейін немесе 16,7%-ке, заңды тұлғалар мен бюджеттік ұйымдар үшін - 34,7 теңгеден 32,1 теңгеге дейін немесе 7,6%-ке, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын адамдар үшін - 34,7 теңгеден 23,1 теңгеге немесе 33,37%-ке төмендетілді.

Сонымен бірге тарифтің шығын бөлігінен үйшілік газ жабдығына қызмет көрсеткені үшін төлемдер алынып тасталды, өйткені бұл шығыстарды төлеу ЖШС-ның міндеті болып табылады.

ЖШС тексеру нәтижелеріне (бұйрық пен нұсқама) алдымен Табиғи монополияларды реттеу комитетіне шағымданды (талап қанағаттандырусыз қалдырылды), содан кейін сот тәртібімен дауласты (қаралуда).

Аталған дау бойынша шешімді сот қабылдайды.

**Бекітілмеген тарифті қолдануға және орамшілік желілердің тиесілігіне қатысты**

Жаңа тарифтің бекітілгеніне қарамастан, ЖШС тұтынушыларға 1 м<sup>3</sup> үшін бұрын мәлімделген 33,25 теңге мөлшеріндегі тарифпен (бекітілген 28,95 теңгенің орнына) есептеуді жалғастырып келген.

ЖШС Департаменттің мақұлдаған тариф бағасымен келіспейтіні жөніндегі уәждерін негізге келтірді.

Бұл фактілер монополияға қарсы органның тағы бір тексеруімен расталды.

Әкімшілік құқық бұзушылықты қайта жасағаны үшін ЖШС-ға ӘҚБтК-нің 164 және 165-баптары бойынша жалпы сомасы **19,1 млн** теңгеге айыппұл салынды.

Сонымен қатар Департамент негізсіз алынған **9,46 млн** теңге (жаңа тариф бекітілген сәттен бастап) және **182,1 млн** теңге (жоғары тарифпен ақы алғаны үшін) мөлшеріндегі кірісті тұтынушыларға қайтару туралы екі нұсқама енгізді.

Қазіргі кезде тексеру нәтижелері бойынша Табиғи монополияларды реттеу комитетіне шағым берілді (қаралуда).

Ауыл тұрғындарының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында монополияға қарсы орган сотқа (9,46 млн теңге сомасындағы негізсіз кірісті тұтынушыларға қайтару туралы) бірінші нұсқаманы мәжбүрлеп орындау туралы талап қоюмен жүгінді.

Азаматтық іс соттың іс жүргізуінде, ол бойынша шешім қабылданған жоқ.

Екінші нұсқама бойынша бұзушылықтарды жою мерзімі аяқталған жоқ (29.06.2023 жылға дейін), оны орындамаған жағдайда, Департамент сотқа осындай тәртіппен жүгінуді жоспарлап отыр.

Сонымен бірге тұтынушылардың газ құбыры желілерін олардың есебінен салынып жатқаны туралы уәждері расталған жоқ.

Газ құбыры желілері «Сигма» ЖШС-мен (сатушы) жасалған сатып алу-сату шарты негізінде ЖШС-ның теңгерімінде тұр, осы желілерді сатып алу бұған дейін монополияға қарсы органмен келісілген.

Тарифтерді бекіту кезінде Департамент халықты табиғи газбен қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын газ құбыры желілерінің табиғи монополиялар субъектісіне тиесілігін де қатар тексереді.

**Абоненттерді газбен жабдықтау желілеріне қосу құнына қатысты**

Алматы облысының прокуратурасы әкімдікпен бірлесіп, өңір аумағында «Халыққа қолжетімді газ» жобасын іске асырды, оның мақсаты абоненттерді орталық газбен жабдықтау желілеріне қосу құнын төмендету болды.

Жоба шеңберінде газбен жабдықтаушылармен абонентті қосудың **350 мың** теңгеден аспайтын мөлшердегі шекті құнын бекіту туралы келісімге қол жеткізілді (бұрын бұл көрсеткіш 600-700 мың теңгеге жеткен еді).

Бүгінгі күні Газ шаруашылықтары қауымдастығы (оның құрамына «Сигма-Газ» ЖШС кіреді) мен әкімдік арасында 6 меморандумға қол қойылды.

Меморандумдар облыстың **5** ауданының (Талғар, Қарасай, Жамбыл, Еңбекшіқазақ және Ұйғыр) газдандырылған **16** ауылдық округін қамтиды.

**«Ташкент-2» газ тарату станциясындағы бұзушылықтарға қатысты**

Тұтынушылардың пікірінше, ЖШС-ның теңгерімінде тұрған газ жабдығын пайдалану газ тасымалдау сапасына, құнына және қауіпсіздігіне әсер ететін технологиялық бұзушылықтармен жүзеге асырылады.

Осыған байланысты 19.06.2023 жылы Алматы облысының Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің жергілікті Департаментіне жоғарыда аталған фактілерді тексеруді ұйымдастыру үшін хат жолдаған (қазіргі уақытта құжаттама зерделенуде).

Жалпы ЖШС-ны жауаптылыққа тарту әрі монополияға қарсы және өзге де заңнама саласындағы бұзушылықтарды жою шараларын қабылдау мәселелері прокуратура органдарының үйлестіруші рөлінің нәтижесі болды.

Бұл ретте, құқық қорғау әлеуетін іске асыру мүдделі мемлекеттік органдардың іс-әрекеттері мен шешімдерін даулаудың заңнамалық тұрғыдағы ағымдағы ресімдерінен өту себебінен белгілі бір уақыт ресурстарын талап етеді.

Мемлекет басшысының соңғы тапсырмаларын ескере отырып, аталған бағытта жұмыстардың іске асырылуына белсенділік танытылуда және прокуратура органдарының ерекше бақылауында.

Құрметпен,

**Б. Асыллов**



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14  
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:  
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65  
www.prokuror.gov.kz

29.06.2023 № 2-01-23-52489

Депутатам Мажилиса  
Парламента  
Республики Казахстан  
Каскарауову Д.А.,  
Пономареву С.М. и  
Толыкбаеву М.М.

### Уважаемые депутаты!

Генеральная прокуратура, рассмотрев в пределах компетенции депутатский запрос о проблемных вопросах газоснабжения в Карасайском районе Алматинской области, сообщает следующее.

В запросе приводятся доводы о недовольстве жителей района действиями местного монополиста в лице ТОО «Сигма-Газ» (далее - ТОО), необоснованно повысившего цену на газ.

Установлено, что ТОО является субъектом среднего предпринимательства со штатом в 32 сотрудника, которое реализует товарный газ порядка **10 тыс.** абонентам (жителям 13 сёл Карасайского района).

#### Относительно утверждения тарифа ТОО

В начале 2023 года Департаментом по регулированию естественных монополий по Алматинской области (далее - Департамент) на основании представления прокуратуры Карасайского района и коллективной жалобы потребителей проведена проверка в ТОО.

Проверочными мероприятиями выявлено осуществление деятельности субъектом естественных монополий по не согласованному и неутвержденному тарифу в 34,75 тенге за 1 м<sup>3</sup> природного газа.

По этому факту ТОО привлечено к административной ответственности по статьям 164 (нарушение законодательства о естественных монополиях) и 166 (нарушение обязанностей субъектом общественно значимого рынка) Кодекса об административных правонарушениях (далее - КоАП) с наложением штрафов на сумму более **2 млн** тенге.

Далее во исполнение предписания Департамента ТОО представлена в антимонопольный орган заявка для утверждения тарифа на розничную реализацию товарного газа в размере 33,25 тенге за 1 м<sup>3</sup> (для населения, с учетом НДС).

**Справочно:** предписание Департамента о необходимости направления заявки на утверждение тарифа вручено ТОО 02.02.2023 года со сроком исполнения до 21.02.2023 года (срок представления требуемых документов не нарушен).

Департамент исследовав документы ТОО и приняв во внимание итоги общественного слушания (состоялось 02.03.2023 года во Дворце культуры с.Шамалган с участием населения и заинтересованных лиц), издал приказ от 10.03.2023 года №78-НҚ об

утверждении тарифа в размере 28,95 тенге за 1м<sup>3</sup> для населения и 32,1 тенге за 1м<sup>3</sup> для организаций.

Следует отметить, что при определении стоимости регулируемых услуг применялась дифференциация тарифа, то есть применением разных уровней тарифа в зависимости от условий потребления и группы потребителей.

**Справочно:** тариф для бытовых потребителей (населения) снижен с 34,7 до 28,95 тенге или на 16,7%, для юридических лиц и бюджетных организаций - с 34,7 до 32,1 тенге или на 7,6%, для лиц, получающих государственную адресную социальную помощь и (или) жилищную помощь - с 34,7 до 23,1 тенге или на 33,37 %.

Одновременно из затратной части тарифа исключены платежи за обслуживание внутридомового газового оборудования, так как оплата этих расходов являлась обязанностью ТОО.

Результаты проверок (приказ и предписание) обжалованы ТОО сначала в Комитет по регулированию естественных монополий (требование оставлено без удовлетворения), а затем оспорены в судебном порядке (на рассмотрении).

Решение по названному спору примет суд.

### **Относительно применения неутвержденного тарифа и принадлежности внутриквартальных сетей**

Несмотря на утверждение нового тарифа, ТОО продолжило производить расчет для потребителей по ранее заявленному тарифу в размере 33,25 тенге за 1 м<sup>3</sup> (вместо утвержденного 28,95 тенге).

В обоснование ТОО приводит аргументы о несогласии с одобренной Департаментом ценою за тариф.

Данные факты подтверждены еще одной проверкой антимонопольного органа.

За совершение повторных административных правонарушений на ТОО наложены штрафы по статьям 164 и 165 КоАП на общую сумму **19,1 млн** тенге.

Кроме того, Департаментом внесены два предписания о возврате потребителям необоснованно полученного дохода в размере **9,46 млн** тенге (с момента утверждения нового тарифа) и **182,1 млн** тенге (за взимание платы по завышенному тарифу).

В настоящее время результаты проверок обжалуются в Комитете по регулированию естественных монополий (на рассмотрении).

В целях защиты прав и законных интересов жителей сёл, антимонопольный орган обратился в суд с иском о принудительном исполнении первого предписания (о возврате потребителям необоснованного дохода в сумме 9,46 млн тенге).

Гражданское дело находится в производстве суда, решение по нему не принято.

По второму предписанию срок устранения нарушений не истек (до 29.06.2023 года), в случае его неисполнения Департаментом планируется инициировать аналогичное обращение в суд.

В то же время доводы потребителей о строительстве газопроводных сетей за их счет не нашли своего подтверждения.

Газопроводные сети состоят на балансе ТОО на основании договора купли-продажи, заключённого с ТОО «Сигма» (продавец), приобретение этих сетей ранее согласовывалось с антимонопольным органом.

Наряду с указанным при утверждении тарифов Департаментом проверяется принадлежность субъекту естественных монополий используемых для обеспечения населения природным газом газопроводных сетей.

**Относительно стоимости подключения абонентов к сетям газоснабжения**

Прокуратурой Алматинской области совместно с акиматом на территории региона реализован проект «Доступный газ населению», цель которого заключалась в снижении стоимости подключения абонентов к центральным сетям газоснабжения.

В рамках проекта с газоснабженцами достигнуто соглашение об утверждении предельной стоимости подключения абонента в размере, не превышающем **350 тыс. тенге** (ранее этот показатель достигал 600-700 тыс. тенге).

На сегодняшний день между Ассоциацией газовых хозяйств (в состав которого также входит ТОО «Сигма-Газ») и акиматом подписано 6 меморандумов.

Меморандумы охватывают **16** газифицированных сельских округов **5** районов области (Талгарский, Карасайский, Жамбылский, Енбекшиказахский и Уйгурский).

**Относительно нарушений на газораспределительной станции «Ташкент-2»**

По мнению потребителей, эксплуатация находящегося на балансе ТОО газового оборудования осуществляется с технологическими нарушениями, влияющими на качество, стоимость и безопасность транспортировки газа.

В этой связи 19.06.2023 года Управлением энергетики и жилищно-коммунального хозяйства Алматинской области в местный Департамент комитета промышленной безопасности направлено письмо для организации проверки вышеуказанных фактов (в настоящее время изучается документация).

В целом, вопросы привлечения ТОО к ответственности и принятие мер к устранению нарушений в сфере антимонопольного и иного законодательства стало результатом координирующей роли органов прокуратуры.

При этом реализация правозащитного потенциала потребует определенные временные ресурсы по причине текущего прохождения юридических процедур оспаривания действий и решений заинтересованных госорганов.

В свете последних поручений Главы государства работа в этом направлении находится в активной фазе и на особом контроле органов прокуратуры.

**Б. Асыллов**